

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі
“Балалар және театр” жобасын жүзеге асыру аясында құрылған
“Самғау” театр үйірмесінің 2022-2023 оқу жылына арналған талдау жұмысы

Театр – мәдениет ошағы. Сан түрлі өнердің ішінде театр мәдениетінің, театр өнерінің алатын орны ерекше. Әр халықтың тұрмыс – тіршілігі, салт – санасы, әдет – ғұрпы, тағылымды тарихы болады. Өзінің өнері арқылы әр халық ұлттық болмысынан, өмір сүру салтынан хабар береді. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой – сананың, адами дүние танымның жемісі. Бұл – ғажайып әлем. Қазір мектептерде балалармен ертегілер және де әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде.

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде «Балалар және театр» жобасы аясында “Самғау” үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірме жетекшісі Абдуллин Тайбек балалардың қызығушылығын арттырып, балаларды өнерге баулуда. Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуімен қиялын дамытады.

Қыркүйек айында үйірменің жылдық жоспары құрылды. Қазан айында А.Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай оқушылар сахналық қойылым қойды. Қойылым барысында оқушылар Алаш зиялыларының ролін сомдады.




Қараша айында өткен “Ертегілер елінде” іс-шарасында 1”в” сынып оқушылары “Бауырсақ” ертегісін қойды. Класс жетекшісі: А.Хамадинова




Өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, қойылым туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Киелі өнердің ордасына бас сұққан бала мәдениетті де үйренеді. Сахнаға көз тіккен бала өмірді көреді. Жақсы мен жаман арпалысып жатқан заманның ащы шындығын біліп, ақ пен қараның ара жігін ажырата алады.

Желтоқсан айында 8-11 сынып оқушылары қырғыз классигі Шыңғыс Айтматовты әлемге танытқан “Жәмиля” лирикалық драмасын тамашалауға Т.Ахтанов атындағы драма театрына барды.




Жылдық жоспардан тыс мектебімізге Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Хадиша Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының актерлері келіп, “Ауылдың иті-Ақбай” атты ертегісінің желісі бойынша сахналық қойылым қойды. 1-5 сынып оқушылары түгел тамашалады. Қойылым балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады.



Қаңтар айында “Театр және кино майталмандары” тәрбие сағатында Шәкен Кенжетайұлы Айманов, Әнуарбек Молдабекұлы, Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөрин, Өмірзақова Әмина Ерғожақызы, Сердеш Қажымұратов, Сатыбалды Жәулі Нарымбетов сияқты өнер адамдары туралы ақпарат беріліп, олар сомдаған кинолардан үзінділер көрсетілді.

Ақпан айында “Астана Опера” театрына виртуалды саяхат жасады. «Астана Опера» опера және балет театры Қазақстанның елордасы Астана қаласында Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. Бұл театр сән-салтанаты асқақ ғимаратымен және залдардың көркемділігімен ғана емес, сондай-ақ талантты труппа орындайтын тамаша репертуармен таң қалдырады. «Астана Опера» театрының сахнасын опера және балет классикасының жауһарлары, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі шеберлердің заманауи қойылымдары айшықтайды. Алғашқы театр маусымында есімі әлемге танымал хореограф Ю. Григоровичтің қойылымындағы П.И. Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» және белгілі француз балетмейстері Шарль Жюдтің қойылымындағы С. Прокофьевтің «Ромео мен Джульетта» балеттерінің, сондай-ақ танымал ресейлік хореограф Б. Эйфманның «Роден» заманауи балетінің әлемдік премьералары өтті.


Наурыз пайында “Жауқазын” өнер байқауы өтті. Байқауға қатысушылар түрлі тақырыпта сахналық қойылымдар қойды. Қатысушылардың сахнада өзін-өзі ұстауына, жүріс-тұрысына, дауыс ырғағына тіл байлығына, біліміне, сыртқы бейнесіне, сахна мәдениетін білуіне, әртістік қабілеттеріне, ұлттық құндылықтарды насихаттай білуіне назар аударылып, бағаланды.




Сәуір айында “Театр- бала көзімен” эссе байқауы өтті. “Театр - бала көзімен” тақырыбында өткізілген сырттай эссе байқауында 5“а” сынып оқушысы Мұратова Еркеназ бірінші орынды иеленді.

Жыл бойы мектеп оқушылары “Балалар және театр” жобасын жүзеге асыру аясында және “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында өздері оқыған шығармаларын сомдады.

Бейімбет Майлиннің “Күлпәш” әңгімесі бойынша сахналық қойылымы



Мұхтар Әуезовтың “Еңлік-Кебек” пьесасы бойынша сахналық қойылымы



М.Арынның 87 жылдығына орай сахналық қойылым. Мұхтар Арын мен Ілия Жақановтың кездесу сәті.



Директор Ж.Т.Жанайдаров
 Үйірме жетекшісі Т.Абдуллин